

Хаттама №4

01.04.2025 жыл

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы,
ЖБҚ МКҚК «Айгүл» бөбекжайы №4 педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысқандар: 17 педагог

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша бөбекжай директоры И.Әлішбаева сөз сөйледі. 2022-2025 оқу жылының 17 қаңтар- 01 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттаудың өлшемшарттарына сәйкес, бөбекжай өзін-өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берді.

1. И.Д.Әлішбаева-директор, комиссия төрайымы;
2. А.Н.Саликова- әдіскер, комиссия орынбасары;
3. Г.К.Кабиева – дене тәрбиесі маманы, мүше ;
4. М.М.Жүсіпова-тәрбиеші, мүше;
5. И.А.Момынова-ұйымдастырушы педагог, хатшы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының әдістемелік нұсқаулығының 1,2,3,4,5-қосымшалары негізінде жұмыстар жүргізілгендігін айтты. Ол 2022-2023,2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары қамтылғаны айтылды.

Атап айтқанда, комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына толық мониторинг жүргізді.Сонымен қатар, бөбекжай туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар,қосымшаларға сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштердің есебі толтырылғаны айтылды.

Телеграмм каналда бөбекжайдың педагог қызметкерлері мен ересек тобының ата-аналарына арналған сауалнама жүргізілгені айтылды. Өзін-өзі бағалау қорытындысының есебімен комиссия мүшесі Г.К.Кабиева таныстырып өтті.

Қаулы:

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес 47 балл «Жаксы» деп танылсын.

2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне мерзімінде жіберілсін.

Төраға:

Хатшы:



И.Д.Әлішбаева

И.А.Момынова